Өзімді алдап өткерсем де сан жылды,
Өзіңді алдап көргенім жоқ, шындығым.
Сондықтан да жұқтырмайық санаға,
Бұл дәуірдің жаңды арбаған пиғылын.

ДОСТЫҚ

Ойымда сан қиялдар тізбектелін,
Тағы бір көктем келді күзді өткеріп.
Дос-жаран қашқалақтап аулақ кетті,
Шара не жүргенмен сөз мұз бөктеріп.
"Жүрген" де әулие ойда бір аулидас,
Халімді сұрап қайтты іздеп кешін.

Бойыма тоғытпашы-ем жайшылықта,
Ой- жүйкем қалды әулие қайшылықта.
Алаөкпе ессіздерді дос деп білін,
Өзімді теңептім-ау жай шыбық қа.
Көңілдің көркемдістің терең мәнін,
Адамдар біледі екен таршылықта.

Бағызұр, сен алдымда тұрсың күлін,
Жүректі шымшыды ұят күрсіндіріп.
Жолдастың жолдастығы қиналғанда,
Басқалар бұдан кейін жүрсін білін.
Ақылы – адамдардың ішкі ойында,
Кеттің сен бұл шындықты түсіндіріп.

Ой бөлмей бақыт, рахат, азабыма,
Кір жағып жүріппін-ау таза арыма.
Мән беріп мәртебе мен құр сымбатқа,
Қалыптың әдіс әкір мазағына.
Достық деген мұраттың соңғы шыңы,
Жолдасың жейлі хан ба, жазалы ма.

Рахмет, түсінігі терең құрбым,
Ішінде жүрмесеңде өлең-жырдың.
Жанынан табылғаның үлкен медет,
Торласа зәуде қалам біреуді жұп.
Достыққа үстірт қарап келіппін-ау,
Достықтың қымбат мәнін сенен білдім.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ


Сен алыстап кетің де, пақ арманым,
Содан бері тыныштық таба алмадым.
Өзім жайлі бір сәт те ойланған жоқ,
Өзің жайлы көбірек алаңдадым.
Несіне түсінбестік жағалайды,
Таңір-ай, бұл дәуірдің адамдарын.

Жалынсыз жан емес ем сенімінде,
Жаманға жатқызбаушы ең мені жүлде.
Екуіміз шын ниеттен табысқанбыз,
Еліктей жастық ойдың желігіне.
Бір кездегі сол, балдай тәтті сезім,
Тұрып алды есімде, ерінімде.

Мен ертеңдер білмеймін кім боламын,
Сезімбебпін өмірдің сырғамағын.
Сағаң шаттық сыйласам деп жүргенде,
Жас жанымды абайсыз мұңға орадым.
Біз жоғалтқан сол нұрлы сезімдерді,
Қайта айналып іздейік, жүр қарағым.

Жаңа өмір бастайық келші, еркем,
Әр кездегі бақыттың нарқы бөтен.
Шалалықпен жанымда үңілмеппін,
Енді ойласам сол күндер артық екен.
Жалғыз өзің отырып қуанғаннан,
Бірге жылап жүргенің артық екен.

Жиып-теріп бүйырған несібіңді,
Қайта қақса бақытың есігіңді,
Әлі талай қуаныш қол бұлғайды,
Бола алсақ өзара көшірімді.
Маған деген сенімнің кемсі атсын,
Мен ұмыта бастасам осы күнді.



ТАУДА ТҰРЫП КИІК СҮЙГІМ ЕМЕС...

Елімізге тәуелсіздік алғаннан бергі 25 жылда алыс-жақын шетелдегі миллионға жуық қандасымыз Атамекенге келіп, ат байқады. Алайда, әлі де сол шетелден елге жетпей жатқан 5 миллионнан астам қандасымыздың бар екенін ескерсек, бізге жетпеген рухани байлықтың аз еместігі белгілі. Сол қатарда Қытай елінде тұып, өсіп, өмірін ұлттың рухани әлемін байытуға арнаған Андас Омарақын ағамызды айрықша атауға болады. Өлеңдерінің тақырыбы табиғатты қорғау, адамгершілік ұстанымы, кісілік болмыс, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтауға арналады. Осындай тақырыпты өрнектеген «Жылдар ізі» атты жыр жинағы оқырмандықтың үлкен ықыласына бөленгенін естігенбіз. Ал тарихи зерттеу еңбектері шетел қазақтарының басынан өткен қилы тағдырларды таразылауға арналған. Жалпы, тариз саласында жазған 10-нан аса кітабы ағылшын, қытай тіліне аударылып, басылған. Сондай-ақ, қытай қазақтарының айтыс өнерінің дамуына да елеулі үлесі сіңген айтыскер ақынның «Дода» атты кітабында өз дәуіріндегі сөз шеберлерінің ой өресін зерттеуде табылмас еңбек екені белгілі. 1944 жылы Қытайдың Күнес ауданында туылған ағамыз өткен жылы қайтыс болып, Талдықорған қаласының іргесін мәңгілік мекен етті. Алайда, ағамыздың артында қалған мұрасы келешек ұрпақтың алғы талай игілігіне жарайтынына сенімдіміз. Сондықтан бірнеше өлеңін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

ШАЛҚЫШЫ, ЖЫРЫМ!

Шалқышы, жырым, құлаштап,
Бөгелсіз бір сат тынышмай.
Еңбектел белден кім аспақ,
Адымдап бірақ мұқышмай.

Аршыңдап көсіл, қадамым,
Келешегің тұр күліп.
Жорғала тынбай, қаламым,
Жазылсын жарқын жыр тұлық.

Талықпа, сермел, қанатым,
Кезейін өмір аспанын.
Дәл кезің құлаш жазатын,
Марқайсын жырмен жас жаның.

Жалықпа, жаным, қажыма,
Күрделі, кескін күрестен.
Өмірдің жарқын жазына,
Барамыз қайсар тіреспен.

ДОСҚА СЫР

О, досым, бұл не мақтаның,
Қысқартсаң еді бір уақыт.
Тыңдайық әкім басқаның,
Елді де бірден жырлатып.

Өңешті создың қырылдап,
Сезбедің болмай жатса шын.
Қыздарға қарап қырындап,
Көріну болды – мақсатың.

Жаңылып кейде өтірік,
Талімсіз қалдың ақырын.
Орынсыз кейде есіріп,
От болып жандың, «Батырым».

Крылов айтқан бақаны,
Теңесем көңілің қалар ма?
Жақсылық, данқ, бағаны,
Мақтаумен адам табар ма.

Сыртынан елді жамандап,
Көпірің өсек тасыдың.
Ойлама бүйтіп амалдап,
Өтем деп судан жасырын.

Ұят қой мынау тынысың,
Бірінсің елге мазақ боп.
Балтырыңнан кейін бұл ісің,
Алмасын бекер азап боп.

Жалындап өскен жанып тым,
Бойында болса жігерің,
Айтпасаң да халықтың,
Көреді өзі-ақ, білемін.

Аспанда күннің нұры бар,
Гүл өспес оксыз алып сән.
Күнің жоқ елсіз ұғып ал,
Артықпын деме халықтан.

Сүйену керек арқашан,
Бірлесу керек көлденең.
Сарқылмас қайрат шаршасаң,
Табысың сонда көп деген.

Мақтаншыл досым, сезіңді,
Естісең ашу шақырма.
Алаңын бекер өзіңді,
Ойлап көр салып ақылға.

АЯУЛЫ АНА

Алғаш естіп үнімді ықыласпен,
Дәйім-ау, анашым, бір қажап ән.
Содан тартып сенемін бұл шындыққа,
Анасыз жан тіршілікте жыр ғажап.

Ел тарихын сапырсам сан ақтарып,
Жазылыпты ана аты ардақтап.
Сол құрметті анаың біреуісің,
Келе жатыр ізгі ісің мадақтап.

Ана аты ардақты өмірдегі,
Қарашығын секілді көзіңдегі.
Ана өзің медеткер болғандықтан,
Жігерің де, күшің де төбінді еді.

Аң самайың ұмаған ақша қар жа,
Гүліс ұқсатам ашылған бақшаларда.
«Құлыншағым, жақсы оқы, азамат бол»,
Деп қош айтқың оқуға аттанарда.
Үмітіңді сол артқан азық қылып,

Көрген ерін биік ...та, қырқаны,
Теңгеп сұлу жете ...ліп бөктерге.

Ата-бабам бұрын ...степ көрмеген,
Сағатыңды сан ...малық тербеген.
Су-жан тамыр ...ндік біз мінеки,
Тау, өзенді қайта ...ұрып қолменен.

Достар үшін жай...ары, жазық қабақ,
Алға аршындап ...есің жалықпай-ақ.
Іскерлікті асыр...ні ісіңмен,
Шыңға ұша бер...ласым, қалып қалдың.

ЖАН СЫРЫ
Адал достық ...ға қасиет шын,
Осы өткелді ...ді басып өткім.
Ажырамас шын ...стық бақытпенен,
Төнсе-дағы басы...а қасіреттің.

Достарым көп ...са да тұнсаған,
Болатұғым от тәрі ...тыныс маған.
Ала болып ...ен күрестерде,
Алдап жүріп жы...сіңтен ту ұстаған.

Өзіңменен шы...ын төбеміз бір,
Достыққа арқал...ондықтан төгеміз жыр.
Тізе қоса отырып бір кілетте,
Шалейт құмға тә...терін еземіз гүл.

Бір шығады шы...стан күндеріміз,
Сондықтан да ж...наз, жүлделіміз.
Жарты құртты ж...ын жеп келеміз біз,
Ортақ біздің бір...ген, білгеніміз.

Таң ұлымын, таудан ерке бұлағым,
Қабылдаған қарғалдақтай гүл арін.
Оң-солымнан түрса-дағы құйын жел,
Төбіреневей таудай қайсар тұрамын.

Тауда тұып нәр сүтін емемін,
Сондықтан да құштарыңды бергемін.
Туған елге, достарыма тәуекәдай,
Мейірім де, пейілім де кең менің.

Тау ұлымын, таудан үлкен талабым,
Тауға өрлеуге талпындырды заманым.
Қасиетін ұлы таудың сіңірген,
Мен де таудай пәк ниетті тазамын.

ҮМІТ

Көзіңнен ертең көрінген,
Отырсаң, ұпан, партада.
Класқа кірем сені жеп,
Көтеріп көп жүк арқама.

Сендер деп келем төгіп тер,
Жаныммен шын сүйемін.
Көңілім шалқып еліктер,
Төбіреме шертер күйі өзің.

Он рет бөліп үйкымды,
Оянам сен деп азаннан.
Дағардым кейде күлкімді,
Өзің боп айтар алуың ан.



Андас ОМАРАҚЫН

Көп істердің астарын терең ұғып,
Есіне алды жандаған ел өтінін.
Кешулерің тартылып картинадай,
Қиял кетті қиырға елегізіп.

Тартып мінген көзіңмен атың жалын,
Тағылыққа еңсеңді бастырмадың.
Қаңқор болдың талайға жолын іздеп,
Қанатыңа қайырсыз қақтырмадың.

Тынбай алға жетелеп қызуқы арман,
Бой көрсеттің биіктен, қиырлардан.
Еңбегің мен тәжіпің тұнық терің,
Туған жердің төсінде ізің қалды.

Жаралған бір жан едің жанын ізгі,
Намыс білдің жалдыға бағынуды.
Адалдығың, қалтқысыз көңілдігің,
Мәртебең мен өсірді қадіріңді.

Сүйіп ыстық жүрек пен халқыңды анық,
Жақсы келе жатыр ең жарқын қағып.
Қалтады бір сопақай соқыр тұман,
Ақ пен қара шықпастай айқындалып.

Келтіржестен шамаң тұрам дерге,
Жаты бейуаз момақан ланды елге.
Болып берді шаш десе бас алатын,
Адырақбай иттерге тұман кеуде.

Жалғандықты, жауықты түрлі қылып,
Өзегіл боп арбады мың құбылып.
Жарқанаттар жалбаңдап көлбеп ұшты,
Бүркемек боп күн көзін – шынды бұып.

Жүрегіңе жазылмас жара салып,
Тоғышардың жабылды жаласы анық.
Талтық дұшпан жігіне ажыралып,
Өзгертуге әйдалдың жау атанып.

Сонан талай сұрықсыз күндер өтті,
Шетке қағу, теңсіздік бізге жетті.
Бір төңкеріс басталды дәл уағында,
Деп жүргенде ақымақ кімге кетті.

Тіршіліді найзағай түндігін кеп,
Түнек бұлттан биіктеп күн күлімдеп.
Жанымыздан талай жыл қатып қалған,
Мұз еріді, есті де шын жылы леп.

Бақытты бол заманда жаңаланған,
Талай жүрек жазылды жараланған.
Сол қатарда ақталып ардақты әке,
Жегі құртқан құтылдың, жалалардан.

Мәңгі, мәңгі сақталар бұл шақтарың,
Жүрек қаным – қабыл ал, жыр тақпағым.
Алаңсыз бол ұйқыңыз бөлінбесін,
Соңғы істерді жалғайды ұрпақтарың.

Арманымды келемін анық құып.
Халық үшін қалауды азамат боп.
Өз жырыңды жырлаймын жазып түнық.

СЕРТ

Жайнаған жаңа заман ұланымын,
Тау келсе қиындықтан бұзамын жең.
Мұқалмас, құрыш білек қайыспайтын,
Елімнің жауға сілтер құралымын.

Сыйпаған мандайымнан күн шуағы,
Жас жаным қыр гүліндей құлпырады.
Туған жер, сен деп соққан тынбай тұлап,
Қызулы жүрегімнен жыр туады.

Мен – аққу, өмірім – бір шалқар айдын,
Өзенін жүзіп сонда марқалаймын.
Отаным, қиын деген жұмысыңның,
Бер маған ең ауырын – арқалаймын.

Өмірдің талмай асып көл белеңін,
Табыспен ғасыр шыңын бөктеремін.
Баянды бақытыңды қорғау үшін,
Уа, халқым, саған уәде, серт беремін!

СУ – ЖАНТАМЫР

Бірге айқасқан ...бысып құлашымыз,
Араласып келе...түз, асымыз.
Ыстық, суық бір ...өткен басымыздан,
Ортақ біздің бо...шақ мұратымыз.

Бірге шырқап ке...міз дәуір әнін,
Күлсең күліп, жа...ықсаң жабығамын.
Сын сағаттар тіл...се талқысына,
Өз қасыңнан та...ылмай табыламыз.

Ханзу досым, ш...йы етенеміз,
Ортақ ойлар жа...асып кетеді егіз.
Қою достық осы...дай болғандықтан,
Теңдесі жоқ але...де еселі елміз.

ТАУ ҰЛЫМЫН

Тау ұлымын, тауда ...туып ержеткем,
Тау самалы бесік ...болып тербеткен.
Тау қыраны қиыл ...беріп қияғын,
Қанатымды қиындарға серметкем.

Тау бұлағы тұнық ...тығын сылаған,
Сол бұлақтай бұ...қына ақкан жыр жазам.
Шабытымның қа...нарындай сарқылмас,
Таудың кешкі сы...айлы әнін тыңдаған.

Көкірегіңе тоқып көп,
Сіңімді болып сабағың.
«Бес» алсаң жақсы оқып көп,
Баладай наз боп қаламын.

Тасқындап күшім бойымнан,
Алаулар сонда жігерім.
Арманым ізгі, қолымнан
Үшырсам отан түлегім.

Биікке өрлеп баспалдақ,
Бола алсам болар нақ сағам.
Өйткені, адам мақтанбақ,
Терімен тегін ақпаған.

Ел үшін бәрін арнайтын,
Бойыңнан жанып құштарлық.
Болып өс қыран талмайтын,
Үмітім осы – ұстаздық.

ӘКЕ ЗИРАТЫ АЛДЫНДА

Ардақты, әке, алдыңда зиратының,
Тұрмыз үнсіз ерілеп тіл қату жүн.
Торқа болсын жатқан жер, топырағың,
Тағдыр жазса қымбатын қимасын кім?


Табиғатпен шын айқасқан батырмыз,
Бау-бақшамен салдық әсем тақырға із.
Күрес туын қолда биік көтеріп,
Су-жан тамыр, өстең қазып жатырмыз.

Үлы дүбір, желпінеді бай далам,
Өстең бойы бір жарменке қайнаған.
Тоң қопарып, тас қашаған қолдарда,
Жарық-жұрқ етіп от ұшады қайладан.

Бу бұрқырап терші күлген жүздерден,
Жібіткендей тандыр жерді мұз керген.
Тынар емес, ығар емес қалың қол,
Соқса-дағы қарлы боран күнде өрден.

Дегендей бір құлағыңды салшы жан,
Қуанышты еңбек жыры шалқыған.
Ән ауені, жел тербеген биікте,
Қызыл тулар желбірейді самсаған.

Жамап-жасқау жармаспадық өткенге,
Жазы орнатып тас жатқызбадық өстеңге.



Фотоэтюд







Ұлы Дала мұрагерлері

▲ ЖАҢА КІТАП



«Мұқағали» энциклопедиясы жарық көрді

Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы – халқымыздың рухани қазынасы. Ақын жырлары жылдар жылжыған сайын биіктеп барады. XXI ғасыр ұрпақтары да ақын өлеңдерін өзінің сырласындай, мұңдасындай көреміз сондықтан. Жуырда ақынға қатысты тағы бір құнды дүние жарық көрді. «Абайдан» бастау алатын тұлғалық энциклопедия қатарын енді «Мұқағали» толықтырды. Бұл қуанышты хабар әдебиетсүйер қауымды елең еткізді.

Болат МӘЖИТ

Осы аптада Қазақстан Жазушылар одағында «Мұқағали» энциклопедиясының тұсаукесер рәсімі өтті. Игі шараға ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері және Мұқағалиның оқырмандары қатысты.

Тұсаукесер рәсімінде сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Нұрлан Оразалин энциклопедия шығарудағы атқарылған істің мәнісін жан-жақты әңгімелеп берді.

Аспантаулар өлкесінен поэзия әлеміне бетке алған жалынды жасқа ақ батасын беріп, болашағын оңға қарай болжап, қолтығынан демеген ақын Әбділда Тәжібаев еді. Мұқағалидың үшінші жинағы «Қарлығашым, келдің бе?» кітабына Әбіш Кекілбаевтың «Ішінде бір де бір жаман өлеңі жоқ» деп баға беруі оның қуаты мен талантына риясыз сенгендік болатын.

Ал Фариза Оңғарсынованың Мұқағалиды құрметтеуі талантты талант танудың жарқын мысалы.

Сонымен қатар, ақын тағдырына қатысты жайлар аз емес. Ежелде «бір өлеңі бір елдің мұрасындай болған» ұлы тұлғаның болмыс-бітімін көрсететін энциклопедияның жарыққа шығуы игі шара екені даусыз.

– Бұл істі еліміздің рухани өміріндегі үлкен оқиғаға балаймын. Мұқағалитануға бетбұрған ғалымдарға аталған энциклопедияның берері мол. Өздеріңіз білесіздер, ақын ұрпақтары тізгінін ұстаған халықаралық Мақатаев қоғамдық қоры көптеген мазмұнды шаралардың ұйытқысы болып келеді. Энциклопедияның шығуына олардың зор мықтап жасағанын да атап айтқанымыз жөн. Сонымен қатар, 100-ші нөмірін оқырманға ұсынған «Мұқағали» журналының қызметіне де разымыз. Қазір ол республиканың маңдайалды басылымдарының қатарына қосылды. Энциклопедияға тигізген пайдасы да айтарлықтай, – деді Нұрлан Оразалин.

«ҚазАқпарат» баспа-корпорациясының президенті Қонысбек Ботбай бастаған топ энциклопедияны шығаруға атсалысты. Кезінде 20 жылдан аса «Қазақ энциклопедиясы» баспасында жетекші маман болған журналист-жазушы Тынатқан Рсаевтың сіңірген еңбегі де аз емес. Ол «Абай» энциклопедиясын шығаруға атсалысқан жылдарындағы мол тәжірибесін «Мұқағали» энциклопедиясына тиімді пайдаланды.

– «Абай» – тұлғалық энциклопедияның басы. Сондықтан оған барша зиялы қауым белсене және қуана қатысты. Мәселен, Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметов секілді көрнекті ғалымдардың өзі редакция қызметкерлерімен бірге мақала жазып отырғандары әлі есімде. Осыдан бастап тұлғалық энциклопедиялар сериясы пайда болды. Оған да бойымыз үйренді. Энциклопедия шығарудың өзіндік мектебін қалыптастырдық. Соған сай келетін өлшемдердің сақталуына осы жолы да жіті көңіл бөлдік, – деді Тынатқан Рсаев.

Әрине, бір адамға арналған көлемді энциклопедия шығару оңай емес.

Әсіресе, тағдыры сан қилы Мұқағали Мақатаевтың шығармашылық өмірі тіптен күрделі. Тартыс пен қайшылыққа толы ақын жолында не ғаламсоқы дейсіз?! Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Бексұлтан Нұржекеев Мұқағали мұраларын жи[illegible]нақтаған және [illegible]ертеген мезгілінде [illegible] өн қуз болған [illegible] жайлары [illegible]. Соларды бүгінгі аз-кем тексер[illegible] келетінін ал[illegible] жаңа кітапта[illegible] Шәмші Бергертты. Тұсау[illegible] Айдарханқызы, кімбаева, [illegible] Ирай-Ғайып Оразахын Ас[illegible] белгілі адамдар да кілді есімі ел[illegible]тты. Жинақтағы кесек-кесек ой [illegible] параграфтары жаңа кітапты [illegible] алтысөзінде Энциклопедия[illegible] шолу жасалған. Оның жазылы[illegible] Мақатаев шығармаларын [illegible]-жақты талдап, түсініктеме бер[illegible] басылған бұл кітаптан шығармалар[illegible]нан астам өлеңі та ақынның 1[illegible]лары, хикаяттары мен 16 да[illegible] «Кеш, махаббат» аттты пьесасы [illegible] ғана емес, [illegible] жаңалары туралы [illegible] болады. Энциклопедияны [illegible] күнделікті баспасөз зерттеулер [illegible] материалдарға сүйеніп, [illegible] жүйеге түсірулі кітап [illegible] Жобаға Бақыт[illegible] Айдарова, Қонысбек Ботбай, Т[illegible]тқан Рсаев авторлық жасағын [illegible] акторлары – Құнышбай, Құр[illegible], Мұқағали, Әділхан Кулімбетов, [illegible]уретшілері – Асылхан Об[illegible]райымұлы, Болат Есіркепов. Су[illegible]етшісі – Тоққожа Кожағұл. Кітап [illegible] – 90 баспа табақ. Таралымы – 2000 дана.

Зиялы қау[illegible]ның қолдауына ие болған «Мұқағали» тұлғалық энциклопедиясы [illegible] әлімнің түкпір-түкпіріне [illegible] тартты. Ол әрбір кітапханаң [illegible] сөресінде тұратын болады. Ең[illegible] бағасы уақыт пен оқырмандар[illegible] еншісінде.

Алматы.

▲ 16 ЖЕЛТОҚСАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ

Бақытымыз баянды болсын

Халқымыздың [illegible] «Қуанышқа ортақтассаң көбейеді, қайғыға орта[illegible]ссаң азаяды», – деген сөзі тегінен тегін айты[illegible]лған.

Басынан [illegible] [illegible]үбетті атқарып, соғыс, ашаршылық, күтан-сүргін, [illegible] [illegible] зардабы түсіп... [illegible]

[illegible]

...атадан балаға, баладан немереге ауысқан сол дәстүрді ұлттық тәрбиеге жалғастыру – бүгінгі міндет.

[illegible]

Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерекесі қарсаңында жаратқан Алла Тағала берген бақытымыз баянды болсын деп тілеймін!

Сүлеймен КӨШКІНОВ,
Алматы облысы, Панфилов, Кербұлақ аудандарының Құрметті азаматы.
Жаркент қаласы.

▲ КҮРЕТАМЫР

Жуырда е[illegible] Тәуелсіздігінің 25 жылдығ[illegible] орай Көксу аудандық [illegible]тапханасында «Тіл – [illegible] тірегім, соғып тұрған [illegible] жүрегімі» атты шара өтті. [illegible] Алмалы кешкі Н. Аллабер[illegible]нов атындағы орта мектеп[illegible] оқушылары, мәдениет [illegible] қызметкерлері, оқырмандар мен кітапхана[illegible]шылар қатысты.

ТІЛ – ТІРЕГІМ

Өскелең ұрпа[illegible] сан ғасырлық тарихы бар [illegible] әдебиет пен мәдениет[illegible] деген қызығушылығын ояту [illegible] Мемлекеттік тілдің қолданыл[illegible] аясын кеңейтуге ықпал ету мақсат[illegible] ұйымдастырылған шарада [illegible] «Мәңгілік Елдің – мәңгілік тілі» [illegible] кітап көрмесі ұйымдастырылы[illegible] ақын-жазушылардың тіл [illegible] жазылған өлеңдері, [illegible] сөздері мен тілге қатыс[illegible] көптеген кітап қойылып, [illegible] библиографиялық [illegible] жасалды. Шара бары[illegible] [illegible], кітапхананың тұрақты [illegible] оқырманы Әлия Билібаева [illegible] Омарова «Ана тілім – [illegible]», «Менің тілім» атты [illegible] жырларын оқып, тілге деген [illegible] жырмен білдірді. Со[illegible] қатар, өзге де жас оқырманд[illegible] ақын-жазушылардың туы[illegible] мәнерлеп оқыды. Әсіресе [illegible] Мақатаевтың «Үш бақыты[illegible]» жырын оқыған бүлдіршін [illegible] Шыңғыс Тілеубеков [illegible] Шаханның «Төрт анасы[illegible]» төрге толғаған Гүлназ Қарс[illegible] тыңдармандығы [illegible] жырлары [illegible] әсем әндер әуелеген [illegible] өнерпаздардың есінде қаларлық[illegible] өтті.

Талқын СА[illegible]ЛДИЕВА,
Көксу аудандық [illegible] кітапханасының [illegible] қызметкері.

▲ МӘҢГІЛІК МҰРА

ДОМБАУЫЛ МАЗАРЫ

Тарихтың тағы бір парағын ашарлық, көне жәдігерлердің қатарына жататын ғажайып құрылыс[illegible] қойнында ... [illegible] ... күр болған бабаларымыздың біріне арнап салынған кесене. Мәңгілік мұрамыздың ең көнесі әрі құндысы екені де көп көпшілікке мәлім. Бұл – Домбауыл мазары.

[illegible]

АРДА БИ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Заңына сәйкес Алматы облысында 2016 жылы мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін адвокаттардың тізімі

[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]
1	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]

▲ САЛАУАТТЫЛЫҚ – ӨМІР САЛТЫ

Жастар – бұқаралық ақпарат құралдарында

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» ӨВВК Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Саламатты өмір салтын қалыптастыру мен адамның өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру қоғамның басты мәселесі болуы тиіс», – деп атап көрсеткен еді.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бір жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы болып табылады. Орталықтың негізгі міндеті – халықты денсаулық сақтау барысындағы жаңалықтармен ақпараттандыру. Облыс тұрғындарының денсаулығын сақтау барысындағы кешенді іс-шараларды іске асыру аясында «Қоғамдық денсаулық сақтау институты» жұмыс істейді.

Өскелең ұрпақтың денсаулығы – қоғамның әлеуметтік аз-аухатының көрсеткіші. Сондықтан, балалар, жасөспірімдер және жастар денсаулығы мемлекеттің аса маңызды медициналық-әлеуметтік басымдықтарының бірі ретінде қарастырылады. Ұл-қыздарымыздың салауатты өмір салтын қалыптастырып, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауы күн тәртібіндегі негізгі мәселеге айналуы тиіс. Денсаулықты күту үшін бозбала мен бойжеткендерді салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткізілетін әртүрлі іс-шараларға қатыстыру бір жүйеге келтірілді.

Биыл жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты күту барысындағы жауапкершілікті арттыру мақсатында «Жастар – бұқаралық ақпарат құралдарында» атты байқау ұйымдастырылды. Мақсат – баспасөз беттерінде салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімділігін паш ету. Сайысқа облыс оқушылары, студенттер және белсенді жастар қатысты. Қатысушылар өздерінің оқу орындары, замандастары арасында денсаулықты сақтау және нығайту барысында роликтер мен фильмдер түсірді. Сайыстың нәтижелері бойынша Талдықорған қаласының тұрғыны Жансая Бинұрман, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Ермек Дайынбаев, Көксу ауданы Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектептің оқушылары Владимир Савченко және Рамина Исмаилова, Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы Қаныш Сәтбаев атындағы гимназияның 11 және 7-сынып оқушылары Ақжүз Нұрғазина мен Ақбөпе Махамбет сынды жастар жүлделі орындарға ие болып, сыйлықтар мен дипломдарға ие болды.

Эльмира АҚДӘУЛЕТОВА,
«Қоғамдық денсаулық сақтау институты» ЖМ.

Алматы облы[illegible] дене шынықтыру және спорт басқармасы Алматы облысының спорт [illegible] ардагері, облыстық тоғызқұмалақ федерациясының төрағасы

Қызығұлов Бекасыл Қызығұлұлының

қайтыс болуына [illegible] байланысты жақын туыстары мен аға-туғандарына қайғыларына ортақтас[illegible], көңіл айтады.

Облыстық «Ж[illegible]тісу» газетінің ұжымы спорт ардагері, газетіміздің тұрақты авторы, [illegible] тоғызқұмалақ федерациясының төрағасы

Қызығұлов Бекасыл Қызығұлұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтас[illegible], көңіл айтады.

Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы Талғар ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Нұрманов Аманжол Нұрманұлына анасы

Нұржамал
Құрманталикызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, *бас редактордың орынбасарлары* – 41-10-47, 41-10-49, *жауапты хатшы* – 41-10-50, *бөлімдер* – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – 41-10-52, *фототілшілер* – 41-10-53, *жарнама бөлімі* – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 *(факс)*, 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілер: Панфилов – 9-12-27, *Іле және Қапшағай қаласы* – 8-777-016-44-11, *Жамбыл* – 8-701-254-97-55, *Талғар* – 8-701-400-28-49, *Қарасай* – 8-701-347-60-32, *Еңбекшіқазақ* – 8-701-212-00-96.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 *телефонына хабарласу керек.*

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асатын материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1656.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 54 190, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 31 815.
Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС.

Кабанбай батыр көшесі, 33
Тел.: 41-11-42, 41-11-78. Факс: 41-09-79.
E-mail: alatau_ofis@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЛЕҢ ПАТШАЛЫҒЫ

ЖЫЛДАР ІЗІ



Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі 25 жылда алыс-жақын шетелден миллионға жуық қандасымыз Атамұртқа келіп, ат байлады. Алайда, әлі де сол шетелден елге жетпей жатқан 5 миллионнан астам қандасымыздың бар екенін ескерсек, бізге жетпеген рухани байлықтың аз еместігі белгілі. Сол қатарда Қытай елінде туып-өсіп, өмірін ұлттың рухани әлемін байытуға арнаған Андас ОМАРАҚЫН ағамызды айрықша атауға болады.

Оның өлеңдерінің тақырыбы табиғатты қорғау, адамгершілік ұстаным, кісілік болмыс, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтауға арналады. Осындай тақырыпты өрнектеген «Жылдар ізі» атты жыр жинағы оқырманының үлкен ықыласына бөленгенін естігенбіз. Ал, тарихи-зерттеу еңбектері шетел қазақтарының басынан өткен қилы тағдырларды таразылауға арналған. Жалпы, тарих саласында жазған 10-нан аса кітабы ағылшын, қытай тіліне аударылып, басылған. Сондай-ақ, қытай қазақтарының айтыс өнерінің дамуына да елеулі үлесі сіңген айтыскер ақынның «Дода» атты кітабында өз дәуіріндегі сөз шеберлерінің ой өресін зерттеуде табылмас еңбек екені белгілі.

1944 жылы Қытайдың Күнес ауданында туылған ағамыз өткен жылы өмірден өтіп, Талдықорған қаласының іргесін мәңгілік мекен етті. «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» демекші, асыл ағаның артында қалған мұрасы келешек ұрпақтың әлі талай игілігіне жарайтынына сенімдіміз. Сондықтан Андас ағамыздың бірнеше өлеңін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Аялай біл

Шертілсе егер бір өңіме су жайлы,
Ыстық ағын бойыңызда тулайды.
Қайыра сап шаруаларын ынғайлы,
Барлық адам үйып құлап тыңдайды.

Трубамыз тоқтағанға екі күн,
Болдық сусыз жыл кешкендей
жеті мың.
Кіріп кеткен секілді боп қалдық-ау,
Айқара ашып ақыр заман есігін.

Қиыншылық болса дағы бірдемдік,
Айтыңызшы, бұған қалай үйрендік.
Палатаны бір түрлі бір көңілсіз,
Күйге түскен баурап алды кірбіңдік.

Кететін су болмаған соң сыйырып,
Сылырынды бұршақтарға үйіліп.
Демалдырмай қолқаңды көп қабады,
Қалырық бір сасық ауа үйіріп.

Бір минутта болмаса су шырқырап,
Кетеді екен бар тіршілік су сырап.
Су болмаса құба жоңға құт қонып,
Жасалмақшы емес екен тың түрақ.

Су – жан тамыр, су – айтылар жыр
бүгін,
Шерте алады үнсіз толған күйді кім?
Осы су мен техниканы игеріп,
Қыр басына ілдік жердің жұлдызын.

Жіберетін қиындықтан құтқарып,
Құдіретін халық бүгін ұқты анық.
Сумен осы шөл айналдық әлемді,
Айшылық жол алты аттамға
қысқарып.

Бермесек те білмейді деп көпке сын,
Суға мол қол кейбіреулер төктесін.
Ей, адамзат, аялай біл айтарым,
Бір тамшы су ысырап болып
кетпесін.

Абайла дос

Сыныптас ек бірге өскен арман құып,
Талай терген рауғаш таудан жүріп.
Адал едік онда біз сырлас едік,
Тұлпарына арманның салған құрық.

Алдамаушы ек өзара жалған күліп,
Толғандырды ендігің қайран қылып.
Екі төстік түсірер бір тоқтыдан,
Бұл «Өнерді» алғансың қайдан біліп.

Бұлшықетінің қаті емес қалтаңдаған,
Болған дағы жеңіл жүк бершыға ақын.
Мерседестің боп қапсың әйнегінен,
Осқырына қарайтын тарпаң адам.

Тері иісі жейдемнің тарқамаған,
Иығымда көп жүк бар арқалаған.
Шайтаншаққа сонда да қолым
жетпей,
Қиындықта келемін қаншалаған,

Өтіміңді басқадан асырып кіл,
Қалай ғана боп алған басың үшкір.
Ұлындырмай достарға бұндайыңды,
Жуас бейнең бұрынғы жасырып тұр.

Десем дағы алмайын
шамдандырып,
Сыныптас ек бірге өскен арман құып.
Өзазілдік жараспас абайла, дос,
Шалып жығып кетпесін айландырып.

Салтымыздан садаға

Керіп жүрген бала ед танып бұрын,
Ағат кетсем ал бұнда жазықтымын.
Кешіресің бастапта байқай алмай,
Әйел мө деп қалыппын жарықтығым.

Ауылдағы мырзамыз осы мықты,
Мәре-сәре достармен отырыпты.
Желке шашы бір буда ал керегі,
Бұйралана жауыпты қос иықты.

Айту қиын жылда бір тарайды деп,
Жалқаулық па жабысқан баяғы дерт.
Күтімі жоқ күшіктің бауыр жүні,
Қалпышы еді осындай жабағы боп.

Түсінуге болады қалай мұны,
Көрсеқызар болыпты талайға үлгі.
Жіберіпті еркіне мысық мұртты,
Сала құлаш қосылған самайлығы.

Қызыл жібек бір түрлі ала-құла,
Бешпетінің сиқына қара мына.
Жабыстырып қылтасын қиылардай,
Кең, мол көңілі ауыпты балағына.

Үлде менен оранып бүлде менен,
Әлем-жалем таңы да кигені ерен.
Қия-шия тіпті де келіспепті,
Бейшаралық, қараңыз, бұл не деген.

Мәдениет осы ма көріктілік,
Қайсы әлемнен әкелген көріп-білің.
Салтымыздан садаға ол, есіңді жи,
Қызбалыққа жүргендер беріп құрық.

Алаяқтар

«Бойға болар жылқының алғағы»–
Дейтін бір сөз жадымда бағы әлі.
Адамның да сондайын көзіктірін,
Түсінігім тереңдап барады әрі.

Мұнша сондай құрандар итаяқ, сіз?
Күн-күн сайын көңілдер жаңа бақса.
Орақ ормай, бір мезет бел ауыртпай,
Елден ерек тояды даяр асқа.

Жел ауызды желпінбей тұра
алмайды,
Жымсымасын сыртқа түк
шығармайды.
Төменгіні нығырлап, жоғарыға
Бұралқы иттей қыңсылап
бұрандайды.

Қан шығармай мақтамен
бауыздайды,
Су басының тұнығын ағызбайды.
Бүтін дос боп басыңа іс түссе егер,
Бір тамшы нәр ауызға тамызбайды.

Сақтаныңдар ойы бар азаматтар,
Ондайларға тағылар жаман ат бар.
Қуырдақтық қу бастан өт алатын,
Аластасын арадан алаяқтар.

Атқарайық ата салтын

Қалта толып қуанып қалар,
Өткенді айтып қыз жақ хабар.
Алдын ала «Сәлт өткізу»,
Өткізілген «Сырмақ қағар».

Енді құдаша қырылып,
Арақ судай сапырып.
Ақ сарбастар бауыздалып,
Мұрттар майға матырылып.

Әзірінше қалың малға,
Риза бол барымды ал да.
Тіршілікті пеңдемін гой,
Қимылдармын жаным барда.

Құлдық ұра жапырылып,
Бар талқанын жатыр үйіп.
Көкірейген құда алдында,
Арысыңыз басын иіп.

Қос қарагер, күрең жорға,
Жарады өрең бірер жолға.
Жолдық басы кілем, алтын,
Тағылды үкі білем зорға.

Алтын сырға, алтын жүзік,
Қымбат сағат алсын біліп.
Алуан асыл парластырып,
Киім келтір айтулығып.

Напсі қозса өре қылып,
Ар-ұятын кетеді ерік.
Қыздың құны «Қырық қара»,
Берілді бес еселеніп.

Қыз жақ кетті қырын асып,
Үлкен кілтін тырнап асып.
Отырғызды тақыр жерге,
Керген қылың құдаласып.

Өлгеменше бесті деп шын,
Көп тұратын кескілескің.
Көп сұмдықтар көрілмеген,
Туындапты естіменнің.

Жоқ туысқан сал саралқа,
Қара жаңа шартарапқа.
Ұл да өз балаң, өз ерісің,
Уайым, мұң арқалатпа.

Салттан аттап кетсек егер,
Жұрт қарғысы дерт боп өнер.
Атқарайық ата салтын,
Теңін талса тезге бере.

Ойланшы, досым

Біз деген, досым, кеппеген тері
күпікпіз,
Алдауға еріп, ілесіп шаңға жүрліпіз.
Ендеусіз кетіп қазтабан аяқ міне,
енді,
Размері үлкен қырық бесінші етік
киіпміз.

Шуалшаң кендір, шуашты жүнді
сырмақ қып,
Кемесхіде іздеп келденең оғжа түн
қаттық.
Түрса да аштық аш мысықтай тырнап
ішінді,
Тойынған жандай керачау, енжар тіл
қаттық.

Сұрамай пенде жабырқау тартқан
түрінді еш,
Өнімсіз еңбек, күйбеңге мәнсіз
сүйінбес.
Деп қана кейде алданыппыз-ау,
ақ ауыз,
Кедейлік жақсы, кемдігің жұртқа
білінбес.

Сонымен жүріп соңына кештің
қалыппыз,
Тау менен тастан несібені жиып
алыппыз.
Ойланшы, досым, осылай кете
берсек біз,
Береміз жауап ұрпаққа не деп
жазықсыз.

Ат мініп, айран ішу болған
құр мақтан,
Жүргенің жетті аупақтан өнді
қылжақтан.
Сезінсең қымбат елінің көтер үмітін,
Жатыр-ау, салмақ арқалау борыш
мың батпан.

Талабы биік дәуірдің дәркан бүгінгі,
Кепірме сөзбен көпірлектен өзге
тыйылды.
Сондықтан біз де бел шешіп,
білек сыбанып,
Тәуелсіз елге, бөтен елден алыс
қимырды.

Сапасын мүлдем сайлысын мұнша ауыл,
қорық,
Құлпынып шұғылға, өрнексіз жазға
ізгі үміт.
Жаратайық жаңа бір дүние басқамен
ұяқ теңесіп,
Болашақ үшін ұрпақтар үшін ізгілік.

Қызғаныш

Безей алмас өмірін сырлап ешкім,
Алапесін кей жанның шығардап ұқтым.
Тұсауды аттай келемін жазыла
алмай,
Батпағына малтығып қызғаныштың.

Басқалардан алғаным көп пе менің,
Неге ғана көп істен шектелемін.
Оқ ататын артыңнан алдарқатып,
«Дос» боп жүрген талайға өкпеледім.

Оның сенен кішілік қалағаны,
Сенімдіктен азық нәр ала алады.
Қуанышың түс алып керісіне,
Жымиғаның түрлідей қадалады.

Бір сұмдықты жасырып бүйіріне,
Қарап тұрсаң шертетін күйі міне.
Кей ағайын бір қотан сөз қылады.
Кірсіз көйлек ілсең де иініне.

Оңысына титтейде намыстанбай,
Өзі игілік көрсе жем табыстан бай.
Қайғысы жоқ зәредей нәрсе саған,
Жылт еткеннің қазанан қағыс қалмай.

Жалғыз сөзің көңіліне жақпаса да,
Тас атады бас қағып нақ тасада.
Үлкен айып тартқандай қиналады,
Екі ешкінің бірі еріз лақтаса да.

Ағайынам осыңдай «Дертің» бар-ақ,
Ойланып кей өмірге өкін қарап.
«Ағайынның аты озып келгеніңше,
Ауылдастың тайы озсын», – дейтін
қазақ.

Қалмай тұрып сым торға шырмалып
шын,
Адамдықты келсе егер шығардап
ұқпын.
Тарта жүрші бойыңды аупақ одан,
Қойы терең батырар қызғаныштың.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.Zhetysu-gazeti.kz
Jetisu2002@mail.ru
№ 134 (18266)
Сенбі, 3 желтоқсан, 2016 жыл.

Жастарға айтарым – сендер халықаралық кеңістіктегі бәсекелестік күрестен сырт қалмауға ұмтылыңдар. Ол үшін тиянақты білім керек. Сосын сол білімдеріңді өмірде жарата білуді, оны нақты пайдалана білуді үйреніңдер.

Н. НАЗАРБАЕВ.



ЖАСАМПАЗ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫ Елбасымен кездесті

Жұмыс компьютердің алдында отырумен өлшенбейді. Кез келген істі компьютер атқара берсе, адамзатты еңбектендірудің орнына енжар етуі мүмкін. Дала төсінде дәнді дақыл себетін, ми қайнатқан ыстықта темір қорытатын, білек күшімен зәулім үйлер тұрғызатын, механизаторлар мен машиналарды техникалық жөндеуден өткізіп, жүргізе білетін шын мәніндегі жұмысшы жастарды құрметтеуге тиіспіз. Еліміздің экономикасы осындай күн астында маңдай терін төккен жұмысшылардың қолымен ғана дамиды. Тәуелсіздік сарайының төрінде өткен республикалық жастар форумына Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ қатысып, білім мен ғылымда, мәдениет пен спортта, өнер мен өндірісте алда жүрген өрендерге азаттық алған алғашқы жылдардағы уақытша экономикалық қиындықтарды, әлеуметтік ауыртпалықтарды айтып берді.

Қуаныш ТҮНҒАТАР

Тәуелсіздік сарайы жасампаз елдің жан-жағынан жиналған жастарға лық толы. Зәулім ғимараттың ішін жастардың асқақ рухы кернеп тұр. Кеңестің тұтқасын ұстаған ұландар шаршауды білмейді. Білімі мен білегі, жүрегі мен жігері тасқындап тұрған жас толқын Тәуелсіздік сарайын сеніге бөледі. Елбасы ішке енгенше қайта-қайта қол соғып, «Қазақстан!» деп дүркін-дүркін ұрандатты. Салтанатты шараға асыға жеткен Мемлекет басшысы орындарынан тік тұрып құрмет көрсеткен жігерлі толқынға: «Қазақстан жастары бақытты болсын! Қазақстанымыз, еліміз мәңгілік болсын!» – деп үн қатты. Жүрегі Отан деп соққан екі мыңға жуық жас Президенттің сөзін қолдап әкетті. Форумның ашылуында Қазақстандағы 5 миллион жасты құттықтаумен тұрған Нұрсұлтан Әбішұлы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен Тұңғыш Президент күнінің тарихи маңыздылығына тоқталды.

– Бұл басқосуға еліміздің әр түкпірінен сан түрлі мамандықты игерген жастар жиналып отыр, – деп бастады Мемлекет басшысы жастар алдындағы жалынды сөзін. – Жас ұрпақтың қуаты – Тәуелсіз Қазақстанның қуаты. Бүгін – қазақ қазақ болғалы Тұңғыш Президентін бүкіл халық болып, дербес түрде сайлаған елдің қуанышты күні. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы – бабалар арманының орындалғанының айғағы. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Барлығы өте тез. Сондықтан, жастарымыз бүгінгі жұлдызды, төңіректегі жағдайды осылай болуы тиіс деп ойлайды. Ол да дұрыс. Себебі, біз де солай ойлағанбыз. Бірақ аға буынның, ата-әжелеріңнің, әкелерің мен аналарыңның істеген қыруар жұмысының арқасында ғана біз Қазақстанымызды осындай жағдайға жеткіздік. Бұрын біз Кеңес Одағының бір бөлшегі едік. Ешкімге белгісіз. Сол бөлшектен ел жасау, жұрт жасау, оның барлық қажетті рәміздерін қабылдау, дүние жүзіне паш ету оңай болған жоқ. Түрлі қиындықтан өттік. Бүгін әл-ауқаты орта деңгейден жоғары мемлекеттердің ішіне кірдік. Бұл – барлығымыздың еңбегіміздің арқасы. Әрине, бүгінгі заман оңай емес. Сондықтан, болашаққа қарау керек.

Елбасы жастарға егемендіктің алғашқы жылдарын әңгімелеп берді. Жас буын бәрі осы қалпында бола салмағанын, бүгінгі дамыған бейбіт елдің әрбір жетістігі кешегі қиындықтарды еңсерумен келгенін білгені жөн. Талай жыл жұмыс істеп келген өнеркәсіптер тоқырады. Зейнетақы мен жалақы кешеуілдеді. Жаппай ел ішін жұмыссыздық жайлады. Елбасы сол қиын заманда бірге жұмыс істеудің орнына бөрідей етек тартқан адамдардың болғанын жасырмады. Тіпті, көпұлтты Қазақстанның аз жылда еңсе көтеріп, экономикасы тұрақтанатынына сенбей, сыпсың сөз таратқандарды да тілге тиек етті. Мемлекет басшысы егемендік алған жылдан-ақ жастарға көңіл бөлуді ұмыт қалдырмаған. Оған дәлел – 1993 жылы «Болашақ» бағдарламасының іске асуы. Экономикасы шатқаяқтап, қаражат түтесіліп тұрған сындарлы сәтте Президент жастарды шетелде білім алуға шақырды. Сол арқылы Тәуелсіз Қазақстанның біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, жаңа экономикаға бейімделген жас мамандарын қалыптастырды. Бүгінгі таңда әрбір жастың жоғары білім алуына, отбасын құруына, баспана алуына жағдай жасалып қойды. Президент дербес 25 жылда жеткен жетістіктерімізді саралай келе, «Баршаға – кәсіби білім» мемлекеттік бағдарламасының қабылданып жатқанына айрықша тоқталды.

Президенттің айтуынша, елімізде бірде-бір жас жұмыссыз жүрмеуі тиіс. Жұмыссыздық мамандықтың жоқтығынан туындаса, оған да бар жағдай жасалады. Яғни, ешқандай біліктілігі жоқ адамға тегін кәсіби білім беріледі. Бұл – жастарға жасалып отырған үлкен қамқорлық. Кәсіби білімді тарқатып айтсақ, ол жоғары білім алып, заңгер я экономист болып жұмсақ креслода отыру емес, дәнекерлеуші, жүргізуші, су құбыр-

АРҚА ТӨРІНДЕ

шысы, құрылысшы, техникалық жөндеуші, фотограф сынды еңбек етуге үйлейтін, шағын және орта бизнеске аса қажетті мамандықтар. Елбасы компьютерлің алдында отырғандардан гөрі дала төсінде еңбек ететін диқаншыларымен, білімді де, білекті жұмысшыларымен ел экономикасы алға жылжитынын айтты. Сонымен бірге, «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары жастарға үлкен мүмкіндіктер туғызғанын жеткізді.

Жас ғалымдар Қазақстанның [illegible] үлкен үлес қосып отыр. Олардың ізденісі Елбасын қуантып тастады. Форумда Президент жас ғалымдардың соңғы бес жылда 60 пайызға дейін артқанын мәлімдеп, дарынды өрендердің талпынысына сәттілік тіледі. Солардың бір парасы жастар форумына қатысып отырды. Елбасының сөзінен кейін әр салада қатарынан оза шапқан жастар сөз сөйлеп, өздерінің халық игілігі жолында атқарып келе жатқан жұмыстарымен таныстырды. Мәселен, Арман Тоқсанбаев есімді жас кәсіпкер мектеп қабырғасынан бала шаққа бизнестің жоспарын құрған. Қазіргі таңда небәрі 25 жастағы жігітте төрт компания бар. Оның біреуінен жылына 168 миллион теңге табыс түседі. Жиында сөз алған Арман «Отан» брендімен шығарып жатқан алтын сағатын Елбасының қолына тақты. Сыйлықты қуана қабыл алған Президент: «Енді өз отандық сағаттарды тағайық. Швейцарияның сағаттарын ұмытайық», – деді.

Президент жастардың мектеп қабырғасында қалай тәрбиеленіп жатқанына мән берді. Бір жылдың ішінде Қазақстанда 1500 білім ордасының бой [illegible] тәрбиесі туралы айтып берді. «Ата-аналар жақсы оқушылар Президент болсын деп тәрбиелейді. Мен қызғанбаймын. Президент бола берсін. Бірақ бұл жағдай баланың миын ашып айналдырады. Ол мақсаты орындалмаса, әртүрлі ойдың жетегінде кетеді. Бақытты өмір сүру үшін Президент болу міндетті емес», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Форумда жасынан білімімен, дарынымен танылған жастардан бөлек, шетелде оқып жатқан студенттер де бейнебайланыс арқылы ыстық лебіздерін жолдады.

Түс ауа форум ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Имангали Тасмағамбетовтың қатысуымен өткен пленарлық отырыспен жалғасты. Елбасының сөзінен жігер алып шыққан жастар Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың дәріс залында әр саланың министрлеріне көкейдегі сауалдарын қойды. Атап айтқанда, білім жүйесіндегі үштілділік, мектептердегі қағазбастылық, кәсіпкерлік туралы сауалдарға Үкімет басшысының орынбасары тиянақты жауап берді. «Егер жастардың өздері білім алуға ұмтылмаса, ешкім де және ешнәрсе де, тіпті ең дамыған білім беру жүйесі де оларды ешнәрсеге үйрете алмайды. Жетістікке жеткен адам – үнемі жаңа білім алуға ұмтылатын, жетілетін және әрі қарай жүретін адам», – деді вице-премьер. Өз сөзінде ол үш тілдің де жастар үшін аса қажеттілігін, қағазбастылық мәселесі шешімін тауып жатқанын сөз етті. Айта кетейік, еліміздің әр өңірінен келген жастар қоғамдағы өзекті мәселелерді форум қарсаңында өткен пікірталастарда да талқылаған болатын.

Астана қаласы.

● Бізден бір пікір

Айдын БОЛАТХАНҰЛЫ,
«М-Айдын» шаруа қожалығының тракторшы-механизаторы, жас кәсіпкер:

– Мен Ақсу ауданында тудым. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың география факультетінде оқыдым. Алматыда төрт жыл жоғары білім алсам да, алыстағы аядай ауылымды естен шығарған жоқпын. Университет бітірген соң бірден ауылыма келдім. Ауылшаруашылығын дамытқым келді. Қазіргі таңда егістік алқабым бар. Трактор жүргіземін. Астана қаласына келіп, Елбасымен кездесемін деп ойлаған жоқпын. Мен үшін бұл – үлкен бақыт. Бәрі адал еңбектің арқасы деп білемін. Астанада жүрген үш күнімде өзім құралпы жастармен таныстым. Астана шынында ғажайып қала екен. Елбасы бізге жиында кәсіпкерлікке қатысты көп кеңес берді. Болашақта Қазақстанды сүйетін, қайырымды, белді кәсіпкер болуды арман етемін.

ҚОНЫСТОЙ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Үйі бардың күйі бар

Мереке қарсаңында жетісулықтар қоныстойын тойлады. Қаладағы оңтүстік-батыс ауданындағы қырық пәтерлі коммуналдық тұрғын үй көпке қуаныш сыйлады. Жақсылықтың жаршысы бола білген облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ салтанатты шараға қатысып, қуаныш иелеріне пәтер кілтін өз қолымен тапсырды.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Коммуналдық тұрғын үй құрылысы 2014 жылдың желтоқсан айында басталған. Бас мердігер «Люмен Электро II» және шаруа серіктестігінің салған көпқабатты тұрғын үй кең, жарық әрі жылы. 3074, 9 шаршы метрді алып жатқан тұрғын үйдің жайлылығы бойынша үш санатты. Жаңа салынған ғимаратта 17 бір бөлмелі, 8 екі бөлмелі және 15 үш бөлмелі пәтер бар.

Көптен күткен пәтерді иеленген жандардың қуанышында шек жоқ. Баспаналы болу бақытына бөленген жақындарын құттықтап, шашу шашып, ақжарма тілек айтушылар қатары да бұл күні аз болмады.

Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуды өзінің азаматтық парызы мен міндетіне балайтын облыс басшысы Амандық Ғаббасұлы көпшілікті жаңа қоныспен құттықтады: – *Тәуелсіз еліміздің бүгініне қарап көпшілік қызығатыны анық. Біз қолымызда барды қадірлеп, қастерлей білетін халықтың ұрпағымыз. Аз ғана уақыт ішінде еліміз, оның ішінде облысымыз өте жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Ол – баршамыздың есепі еңбегіміздің жемісі. Мына үйдің бір ерекшелігі – үш бөлмелі пәтердің болуы. Осы уақытқа дейін жас мамандарға, жас отбасыларға жағдай жасау мақсатында бір, екі бөлмелерді салғанбыз. Енді ҰОС ардагерлері мен мүмкіндігі шектеулі, жетім балаларға, көпбалалы аналарға және толық емес отбасыларға осындай пәтер сыйлауды жөн көрдік. Жасалып жатқан жақсылықтың барлығы да сіздер үшін, ардақты ағайын. Әрбір отбасының, әсіресе, балалардың қуанышын көру – барлығымыз үшін үлкен бақыт. Қуаныштарыңыз көп болсын*, – деді облыс әкімі.

Баспаналы болғандар қатарында өзіміздің әріптесіміз, қарымды қаламгер, бөлім меңгерушісі Мәди Алжанбай да бар. Тынымсыз, адал еңбегінің нәтижесінде Ұлт Көшбасшысының, өңір әкімінің қолдауымен үш бөлмелі пәтерге ие болған әріптесімізді және барша қуаныш иелерін ата басылым атынан шын жүректен құттықтап, отбасына амандық тілейміз. Қоныстарыңыз құтты болсын, құрметті жетісулықтар!

● Лебіздер легі

Данышпан БАЙМҰХАМБЕТОВА,
көп балалы ана:

– Мен он балалы ана ретінде бір бөлмелі пәтер кезегін отырдым. 2004 жылы кезекке тұрғанбыз. Енді, міне, соның жемісін көріп келеміз. Бізді осындай қуанышқа жеткізген Елбасына рахмет. Бар қазақыма амандық, денderіне саулық тілеп, ашалық жүрегіммен алғысымды айтамын.

Дастан БАЯНОВ,
облыстық мамандандырылған күзет басқармасының I полиция батальоны, взвод командирі, полиция капитаны:

– Отбасыммен бірге пәтер алғанымызға шексіз қуанып тұрмыз. Шамамен он жылдан аса уақыт күттік. Елбасына, облыс әкіміне отбасымның атынан үлкен алғысымды айтамын. [illegible] төрт бүлдіршінім бар. Осының барлығы да балаларымның несібі. Қоныстойын тойлап жатқан көпшіліктің шаңырағында тек той болсын.

Жасұлан ШЫНКЕНЖЕ,
облыстық «Жетісу» телеарнасының қызметкері:

– Мен үшін облыс әкімінің қолынан пәтер кілтін алу үлкен бақыт. Әрбір қазақстандыққа осындай жақсылық жасап жатқан Президентімізге айтар алғысым шексіз. Біраз уақыт күттік. Түбінде өз шаңырағымыз болады деген үмітімізді ешқашан үзген емеспіз. Тілеуіміз орындалды.

Көксу ауданында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «25 қайырымды іс: Ауыл – қазақ рухының дәстүрлі шаруашылығының алтын бесігі» атты ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтті. Оған барлық ауылдық округтен келген кәсіпкерлер мен ауылшаруашылығы тауар өндірушілері қатысты.

Сапалы азық сатылды

Таң бозынан базарға ағылған жұрт ауа райының қолайсыздығына қарамастан сапалы азық-түлік өнімдерін сатып алуға асықты. Ауылдардан жеткізілген қой, сиыр, жылқы еті сауда сөрелеріне лыка толып, өз алушыларын тапты. Дәруменге бай көкөніс өнімдері мен бау-бақша дақылдары, жеміс-жидектер де жақсы өтті. Қант, шай, жұмыртқа, құс еті мен сары май секілді өнімдер де жоғары деңгейде сауданды. Ауылшаруашылығы өнімдерінің бағасы базардағыдан әлдеқайда төмен болды.

Мал етін сатушы Бейсен Оразбек, Мұқаншы ауылдық округінен келген жетіжалдық Бақытбек Риса, көкөніс, сүт өнімдерін сатып тұрған Назиля Рахимова, Жарлыөзек ауылдық округінен жеткен Қуанбай Кәлима өздерінің әкеліп сатқан тауарларының жылдам сауданғанын айтып, қуанды. Барлығы алты миллион теңгеге сатылған азық-түліктің отыз бес түрі ұсынылды. Жәрмеңкеге жиналғандар осындай игі шаралар жиі ұйымдастырылса деген игі тілектерін де жеткізді. Мәдениет үйінің өнерпаздары көпшіліктің көңілін көтеріп, концерттік бағдарламаларын тарту етті.

Айдос САГИЕВ.
Көксу ауданы.

БРИФИНГ

Жазалау емес, тәрбиелеу керек

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі құқықтану ғылымында аса маңызды. Себебі, жеткіншектер қылмысының алдын алу – кезек күттірмейтін қиын мәселелердің бірі. Аталмыш тақырып өңірлік коммуникациялар қызметінде тарқатылды. Алматы жылдың 10 айында облыстық №1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 32 адамға қатысты 22 қылмыстық іс түскен. Бұл жөнінде брифинг қонағы, аталмыш сот төрағасы Бақыткелді Тұрлыбеков айтып берді.

Жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін негүрлым гуманистік жолды қарастыруымыз керекпіз. Өйткені оларға қолданылатын шара жазалаушы сипатта емес, түзету, тәрбиелеу бағытында болғаны абзал. Кәмелеттік жасқа 14 – 18 жас аралығындағы жеткіншектер кіреді. Ал заңда 14-ке толмаған балаларға қолданылатын жаза түрі көрсетілмеген. Кәмелетке толмаған баланың қылмыстық жауапкершілікке тартылмауы қоғамға қауіптілік дәрежесін төмендететін фактор болып саналмайды. Керісінше, қылмыстық жауапкершілікке [illegible] мүмкіндік бермейтін мән-жай болғандықтан, оларға басқа да әсер ету шараларын қолдануды талап етеді. Бақыткелді Тамашаұлының сөзіне сүйенсек, бала тәрбиесі отбасына, ата-анасына тікелей байланысты. Үйдегі тәлім мықты болса, бала тәрбиесі де түзелмек. Оның айтуынша бала көп ұзамай сол қылмысын қайталайтын кездер көп кездеседі. Міне, сондықтан [illegible] үрлеп ішуіне бала санасы жетінкіремейді. [illegible] сәтте оған ата-ананың көмегі [illegible] керек.

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, [illegible] түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар, [illegible] тарту, бас бостандығын шектеу, сондай-ақ, [illegible] айыру болып табылады. Сот төрағасының айтуынша кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі қарастырылады. Сол сияқты жекебасының өзге де ерекшеліктері [illegible] оған жасы жағынан үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі. Дегенмен, өткен жылдарға қарағанда өңіріміздегі кәмелетке толмағандар қылмысы едәуір қысқарған. Өте ауыр, ауыр деген қылмыс түрлері сирек. Өңірге азаймай тұрғаны – ұрлық, топпен тонау, кішігірім бұзақылық жасау. Бақыткелді Тұрлыбековтың айтуынша, атқарылып жатқан игі шаралар жасөспірімдер қылмысының азаюына оң ықпал етуде.

Ай НИСА.

БАЛАБАҚША

«Тәрбие – тал бесіктен басталады» деп дана халқымыз текке айтпаса керек. Бүлдіршіндерді өнер мен білімге баулитын, тәрбиенің алғашқы адымын басқызатын мекеме ол – балабақша. Елбасының Жолдауында «мектепке дейінгі балаларды толықтай балабақшамен қамтамасыз ету керек» деген сөзі бүгінде іске асып жатыр. Соның бір жарқын дәлелі –Талдықорғандағы жекеменшік «BALABALA» балабақшасының ашылуы.

Қуанса, бала қуансын

Айдар ҚАЛИЕВ

Шараға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қатысты. Ол періштелер үйінің ашылу салтанатымен құттықтап, барлығының жұмысына табыс тілеп, бой көтерген екі қабатты әсем ғимаратты аралады.

Балдырғандарға арналып салынған зәулім ғимараттың бөлмелері кең, жабдықталуы да толықтай қамтылған. Музыка, ойын, дене шынықтыру, ұйықтайтын бөлмелері де заманға сай. Тамақ та бес уақыт беріледі. Ең бастысы, жұмысқа білім беру жағынан тәжірибелі тәрбиешілер қабылданған.

Сәбилер үйінде 3-6 жас аралығында 80 бала тәрбие алып, төрт топқа бөлінген бүлдіршіндерге мемлекеттік және орыс тілінде білім берілмек. Балабақшаның бір ерекшелігі, балаларға қосымша ағылшын тілі, психолог мамандары дәріс береді. Иә, «Қуанса, бала қуансын» демекші, өскелең ұрпаққа ашылған балабақша өңіріміздің өркендеп келе жатқанының бір белгісі. Жеке кәсіпкер Әлия Ескожанованың да ерен еңбегін айта кеткеніміз жөн. Ол шара барысында сөз кезегін алып:

– Бүгінгі күні Елбасының тапсырысымен және облыс әкімінің бастамасымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына 25 балабақша ашылуда. Қала бойынша бірінші болып ашылатын балабақша мен үшін үлкен қуаныш. Жеке кәсіпкер ретінде бүгінгі балабақша Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына қосқан үлесім, – деп тебірене сөйледі.

Осыдан кейін ата-аналар мен балалар әр бөлмені аралап балабақшаның ішіне тамсана қарап, біздің бүлдіршіндеріміз енді осында өседі, тәрбие алады деп мәз-мейрам болып жатты. Аз уақыт ішінде тәрбиешілер де балаларды құшағына алып бөлмелерін көрсетіп ойнатты.

Жиын соңында Жақсылық Омар шараға келген бүлдіршіндерге жылы лебізін білдіріп, ойыншық таратты. Салтанатты шараға келген ата-аналар да ризашылығын білдіріп, «балабақша көркейе берсін» деп жақсы тілектерін айтып тарқасты.